

**Х.Ерғалиев ауылының Жаңақұрылыс көшесіне еңбек ардагері Жұмағали Айтбаевтың есімін беру туралы**

*Күші жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 84 шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Исатай ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 10 желтоқсанда N 4-4-115 тіркелді . Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 2010 жылғы 27 қазандағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала селолық округі әкімінің 27.10.2010 № 31 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармағына және Исатай аудандық ономастикалық комиссиясының 2007 жылғы 19 сәуірдегі шешімін басшылыққа ала отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Х. Ерғалиев ауылының Жаңақұрылыс көшесіне еңбек ардагері ауданның ауыл шаруашылығын өркендетуге қажырлы еңбегімен үлес қосқан Жұмағали Айтбаевтың есімін есте қалдыру мақсатында "Жұмағали Айтбаев" атауы берілсін .

2. Ж. Айтбаев көшесіне үй нөмірлерін қағуды және шаруашылық кітапқа өзгеріс енгізуді Қамысқала селолық округі әкімі аппаратының бас маманы С. О м а ш е в қ а т а п с ы р а м ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізілсін.

*Қамысқала селолық округінің әкімі*                      *Б. Мусин*